

## ЗАЙЫРЛЫ ЖӘНЕ ДІНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ШЕТЕЛДЕРДІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ ТӘСІЛДЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕСІ \*

<sup>1</sup>Алтайқызы Айкерім, <sup>2</sup>Тоқтарбекова Лаура Ниязбековна  
<sup>1,2</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты  
(Алматы, Қазақстан)  
<sup>1</sup>aikerim.altaiquzy@gmail.com <sup>2</sup>laura80kz@mail.ru

<sup>1</sup>Altaikyzy Aikerim, <sup>2</sup>Toktarbekova Laura  
<sup>1,2</sup>Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies  
CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)  
<sup>1</sup>aikerim.altaiquzy@gmail.com <sup>2</sup>laura80kz@mail.ru

**Аңдатпа.** Бұл ғылыми мақалада шет елдердегі діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі үлгілеріне шолу мен талдау берілген. Үш негізгі модель талданады: лаицизм, діни мемлекет және аралас жүйе, олардың негізінде Франция, Ұлыбритания және Иран мысалдары жан-жақты зерттеледі. Әртүрлі елдердің қоғамы мен мәдениетіндегі діни және зайырлы құндылықтардың ролін толық және тереңірек түсіну үшін Оливье Рой, Кэролайн Фурест, Натан Олсен, Гирайалп Қарақұс, Линда Вудхед және Гэвин Д'Коста сияқты ғалымдардың зерттеулері қарастырылады.

Әрбір модельдің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдау оларды әлеуметтік-мәдени және саяси контексте қолданудың әртүрлі аспектілерін көрсетеді. Бірнеше үлгілерді және оларды жүзеге асыру аспектілерін салыстыру негізінде діни бостандықтарды құрметтеу мен әрбір ел үшін оның ерекшеліктері мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес мемлекеттің зайырлылығын қамтамасыз ету арасындағы бірегей тепе-теңдікті табу қажет деген қорытындыға келеміз. Ғылыми зерттеулерге негізделген ашық диалог қайшылықтарды тиімді шешуге және қоғамның тұрақты, әрі үйлесімді дамуы үшін ең ұтымды жағдай жасауға ықпал ете алады.

**Түйін сөздер:** діни құндылықтар, зайырлы құндылықтар, Франция, Иран, Ұлыбритания, лаицизм үлгісі, діни мемлекет үлгісі, аралас үлгі, діни сенім бостандығы.

### Кіріспе

Мәдениеттер мен діндер тоғысқан әлемде зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасы мәселесі өзекті бола түсуде. Шетелдік тәжірибе әртүрлі қоғамдар мен ұлттардың зайырлы және діни құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті қалай басқаратынын зерттей отырып, осы мәселеге ерекше көзқарас қалыптастырады.

Батыс әлемінің көптеген елдерінде зайырлы мәдениет пен мемлекеттік басқарудың дамуына түрткі болған шіркеу мен мемлекеттің бөлінуінің ұзақ тарихы бар. АҚШ, Франция, Ұлыбритания және т.б. елдер мемлекет пен қоғамның

\* Бұл мақала ҚР ҒЖБМ ҒК-нің қаржыландыру аясында № BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және оны қазақстандық қоғамда іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» жобасы бойынша әзірленді.

зайырлылығын қамтамасыз ету үшін діни сенім бостандығы, биліктің бөлінуі және заң алдындағы теңдік қағидаттарына сүйенеді. Бұл елдер әрбір азаматтың діни сеніміне қарамастан ар-ождан бостандығына және қоғамдық өмірге қатысуға құқығы бар саяси, құқықтық және әлеуметтік ортаны құруға ұмтылады. Дегенмен, әлемнің басқа бөліктерінде діни құндылықтар әлеуметтік-мәдени және саяси саланың маңызды бөлігі болып қала береді. Кейбір елдер, мысалы, Иран, Сауд Арабиясы, Үндістан және т.б. діни дәстүрді қабылдайды және олардың заңнамасында, нормаларында және әлеуметтік өмірінде дін маңызды рөл атқарады. Мұндай қоғамдарда діни билік саяси шешімдер қабылдауға, әлеуметтік нормалар мен мәдени дәстүрлерге айтарлықтай әсер ете алады.

Зайырлы және діни құндылықтардың арақатынасы бойынша шетелдік тәжірибені зерттеу бізге осы екі саланы теңестіруде әртүрлі қоғамдар тап болатын әртүрлі тәсілдер мен қиындықтарды түсінуге мүмкіндік береді. Ол зайырлы және діни ықпалдардың сәтті интеграциялануының, сондай-ақ мәдени және діни құндылықтардың мұрагерлігінің мысалдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл мақалада біз шетелдік тәжірибені қарастырамыз, зайырлы және діни құндылықтарды біріктірудің әртүрлі үлгілерін талдаймыз және бұл үлгілердің қоғамға, саясатқа және мәдениетке қалай әсер ететінін түсінуге тырысамыз. Сондай-ақ зайырлы және діни ықпалдар түйіскен кезде туындайтын қиындықтар мен проблемаларды қарастырып, олардың арасындағы үйлесімділікке жету жолдарын табуға тырысамыз.

### ***Зерттеу әдіснамасы***

Бұл мақаланың негізгі әдістемесі шет елдердегі діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі үлгілеріне шолу мен салыс-тырмалы талдауға негізделген. Яғни ғылыми компаративистиканы қолдану арқылы автор зерттелу мәселесі бойынша шетелдік мемлекеттердің тәжірибесін салыстырады. Сонымен қатар, лаицизм, діни мемлекет және аралас жүйе модельдерін қарастыру барысында олардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне анықтау үшін жүйелі тәсіл қолданылды.

### ***Зайырлы және діни құндылықтарды үйлестірудің шетелдік үлгілері***

Бұл мақалада біз зайырлы және діни құндылықтарды үйлестіруге әртүрлі көзқарастарды білдіретін үш мемлекетті талдаймыз: Франция – лаицизм үлгісі, Иран – діни мемлекет үлгісі, Ұлыбритания – аралас үлгі.

#### **Франция**

Франция – лаицизм немесе секуляризм деп аталатын шіркеу мен мемлекетті бөлудің ең қатаң қағидаты бар елдердің бірі. Зайырлы мемлекеттің бұл үлгісінің терең тарихи тамыры бар және ол Франция конституциясында бекітілген. Француз мемлекеті лаицизм қағидасына сәйкес діннен тәуелсіз болуға ұмтылады және тұрғындардың діни сеніміне қарамастан барлық азаматтардың теңдігі қағидасын ұстанады. Барлық азаматтардың бейтараптығы мен әділдігін қамтамасыз ету үшін қоғамдық орындарда және мемлекеттік мекемелерде діни рәміздер мен діни сөз тіркестеріне шектеу қойылған.

Франциядағы лаицизмнің қатандығын көрсететін бір мысал – мемлекеттік мектептерде әйелдерге орамал (хиджаб) сияқты діни белгілерді киюге тыйым салу. Бұл ереже білім беру ұйымдарында зайырлы атмосфераны қамтамасыз ету және діни ықпалдың көрінуіне жол бермеу мақсатында студенттерге де, мұғалімдерге де қатысты. Сонымен қатар, Францияда қоғамдық орындардың зайырлылығы туралы заң [1] бар, ол мемлекеттік қызметшілерге, қоғамдық қызмет жұмысшыларына және әскери қызметкерлерге үлкен крест, сәлде және тақия сияқты діни белгілерді киюге тыйым салады. Заңның мақсаты – барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігіне кепілдік беру және мемлекеттік институттардың діни ықпалдан тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Франциядағы зайырлы мемлекет моделі түрлі топтар мен қоғамдық ұйымдар арасында пікірталас пен келіспеушілік туғызуда. Кейбіреулер оның теңдік пен әділетті сақтаудағы маңыздылығын мойындаса, басқалары оны діни бостандық пен кемсітушілікті шектеу деп сынайды. Бұл пікірталас қоғамда жалғасуда және Франциядағы саяси және әлеуметтік пікірталастарда белсенді тақырып болып қала береді. Осы тұрғыдан «Франциядағы діни және зайырлы құндылықтар» мәселесін зерттеген ғалымдар және олардың еңбектеріне келетін болсақ.

Оливье Рой – исламның радикалдануы мен Еуропадағы мұсылмандардың ахуалы мәселелерін зерттеген француз саясаттанушы және әлеуметтанушы. Ол «Зайырлылық Исламға қарсы (Secularism Confronts Islam)» және «Ислам және Батыс: Өркениеттер қақтығысы? (Islam and the West: A Clash of Civilizations?)» сияқты бірнеше кітаптар жазды. Бұл кітаптарда Оливье Рой Еуропаның зайырлы мемлекеттерінің өзара әрекеттесуін және исламның діни қатысуын зерттейді. Ол ислам дінінің ықпалы мен ислам радикалдануының күшеюіне байланысты зайырлы қоғамдар бетпе-бет келетін қиындықтарды талдайды. Рой зайырлы және діни акторлар арасындағы қақтығыстар мен диалогтарды зерттейді, сонымен қатар осы қақтығысты шешудің ықтимал жолдары туралы ойлар ұсынады [2].

Францияда жамылғы киюге және имамдарды депортациялауға қатысты заңда көрініс тапқан фундаментализм бүкіл мұсылмандарға және жалпы исламға қарсы жүйелі шабуылға айналды – деп есептейді О. Рой. Бұл дұшпандық ислам дінін зайырлы және либералды болып табылатын француз қоғамына біріктіруге болмайды деген сенімге негізделген. Дегенмен, Оливье Рой өзінің кітабында мұсылман зиялылары өздерінің болмысын сақтай отырып, зайырлы әлемде өмір сүруге мүмкіндік беретін қарым-қатынас пен түсінік қалыптастыра алғанын айтады. Олар екі саланың бар екенін мойындайды: діни және зайырлы.

Дегенмен, Батыс қоғамы бұл процесті мәдени ағат түсінікке байланысты мойындай алмайды. Бұндай ұстанымға сәйкес діни тәжірибе белгілі бір дәстүрлі мәдениетпен байланысты және оны толығымен жою керек немесе бейтарап көпмәдениетті ортада бірге өмір сүруге мәжбүрлеу қажет. О. Рой ислам фундаментализмі және христиандық евангелизм сияқты діндарлықтың жаңа түрлері постдәстүрлі, зайырлы контексте сәтті өркендей алатындығын көрсетеді. Себебі олар белгілі бір мәдени контекстен тәуелсіз болады.

Мұны мойындай отырып, О. Рой ислам мен демократияның өзара әрекеттесуі туралы пікірталасқа жаңаша көзқараспен қарайды. Ол ислам мен батыстық зайырлылық арасындағы шиеленіс күшейіп келе жатқан француз ахуалын талдап, араб емес мұсылмандар арасындағы маңызды айырмашылықтарды, гегемония

мен толеранттылықты, мұсылмандардың діни өміріндегі үмбет пен шарифаттың рөлін көрсетеді. Ол мұсылмандық діни жаңғыруды евангелиялық протестантизм және Иегов куәгерлері сияқты Батыстағы ағымдармен салыстырады, сонымен қатар әртүрлі ислам топтарын және олардың өз ішіндегі айырмашылықтар мен қайшылықтарды жеңуге қабілетсіздігін егжей-тегжейлі көрсету арқылы біртұтас «мұсылман қауымы» туралы мифті жоққа шығарады.

О. Ройдың кітабы мұсылман иммигранттарының шынайы өмірінің сирек сипаттамасын береді, «исламдық қауіп» деген танымал ұғымға қажетті балама ұсынады. Ислам тарихы, әлеуметтануы және саясаты бойынша кең ауқымды зерттеулерімен өз дәлелдерін қуаттай отырып, О. Рой Батыстағы қазіргі исламдық діни тәжірибені түсінудің шектеулі екендігін және шын мәнінде батыс қоғамдары өздерінің бірегейлік дағдарысын исламға таңыйтындығын айтады.

Кэролайн Фурест – француз публицисті, саясаттанушы және феминист, ол Франциядағы діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекетін зерттейді. Ол «Обскуранттардың азғыруы (La tentation obscurantiste)» [3] атты кітапта «қараңғы азғыру» (obscurantisme – обскурантизм) құбылысын және оның қоғамға әсерін зерттейді. Ол діни идеологиялық фундаментализмнің әртүрлі формаларын, сондай-ақ ғылыми-ағартушылық идеяларға қарсылықты талдайды. К. Фурест қоғамдағы діннің рөлі, ой еркіндігіне догматикалық нанымдардың әсері, діни және зайырлы құндылықтар арасындағы тепе-теңдік мүмкіндігі туралы маңызды сұрақтарды көтереді.

Ал «Қақтығыс: зайырлылық еврей, христиан және мұсылман фундаментализмі арқылы сыналады (Tirs croisés: la laïcité à l'épreuve des intégrismes juif, chrétien et musulman)» [4] кітабында К. Фурест иудаизмдегі, христиандықтағы және исламдағы интегризмге байланысты Франциядағы зайырлылық (лаицизм) принциптерінің алдында тұрған қиындықтар мен сынақтарды қарастырады. Ол діни және зайырлы мүдделер арасындағы қайшылықтарды, діни лоббилердің мемлекеттік саясатқа әсерін талдайды және әртүрлі діни ағымдар контекстінде толеранттылық, адам құқықтары мен азаматтық бостандықтар мәселелерін талқылайды. К. Фурест зайырлы мемлекет идеясын әртүрлі діни топтар арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету және ар-ождан мен дін бостандығын қорғау тәсілі ретінде қарастыруды ұсынады.

Екі кітапта да Кэролайн Фурест Франциядағы діни және зайырлы құндылықтар арасындағы күрделі қарым-қатынасты зерттейді және қазіргі қоғамдағы зайырлылық пен ағартушылықтың мәні туралы маңызды дәлелдер ұсынады. Оның еңбектері қазіргі француз мәдениеті мен саясатындағы дін мен лаицизмнің рөлін талқылау үшін өзекті дереккөздерге айналады.

## **Иран**

Иран мысал болып отырған діни мемлекет моделі – діннің мемлекеттік саясатта, заңнамада және қоғамдық өмірде маңызды рөл атқаратын жүйесі. Бұл үлгінің маңызды аспектісі белгілі бір дінді (немесе діни дәстүрді) мемлекетте ресми немесе үстемдік етуші ретінде бекіту болып табылады. Иран жағдайында бұл – шииттік ислам. Діни мемлекет моделінің сипаттары мен ерекшеліктерін Иран мысалында толығырақ қарастырайық:

*Ресми дін және құқықтық база.* Иранда шииттік ислам мемлекеттің ресми діни ретінде танылады. Ол заңнаманың жасалуына және елдің құқықтық

жүйесінің қалыптасуына негіз болады. Діни мәтіндер мен ислам шарифаты дәстүрі қоғамның әртүрлі салаларын, соның ішінде отбасы құқығы, адамгершілік, қылмыстық құқық және өмірдің басқа да салаларын реттейтін заңдарға үлкен әсер етеді.

*Діни көшбасшылар және исламдық иерархия.* Иранда Жоғарғы Көшбасшы және шиит аятоллалары сияқты діни жетекшілердің маңызды саяси ықпалы бар. Жоғарғы Көшбасшы елдегі ең жоғары діни билік болып табылады және жоғары лауазымды тұлғалар мен қарулы күштердің жетекшілерін тағайындауды қоса алғанда, кең өкілеттіктерге ие.

*Білім саласындағы және қоғамдық өмірдегі дін.* Иран сияқты діни мемлекетте діни құндылықтар мен рәсімдер білім беру жүйесіне, әлеуметтік өмірге және мәдениетке әсер етеді. Шииттік ислам мектептер мен университеттер-де оқытылады, діни мерекелер мен рәсімдер қоғамдық өмірде маңызды орын алады. Рамазан және Ашура сияқты діни мерекелердің Иранның мәдени өмірінде маңызы ерекше. Бұл күндері көптеген діндарларды ортақ дұғалар мен рәсімдерге жинайтын жаппай діни шаралар өткізіледі.

*Ұлттық азшылықтарды шектеу.* Діни мемлекетте ұлттық азшылықтарға және ресми дінмен байланысы жоқ басқа діни топтарға қатысты шектеулер мен кемсітушілік болуы мүмкін. Бұл теңсіздікке және басқа дінге сенушілердің құқықтары мен бостандықтарын шектеуге әкеледі.

*Дін және саясат.* Діни мемлекетте дін мен саясат тығыз байланысты. Діни жетекшілер саяси процестерге қатысып, қоғамдық істерге қатысты маңызды шешімдер қабылдай алады. Бұл діни ілімдердің саяси шешімдер қабылдаудың негізіне айналуына әкелуі мүмкін.

Иранның жағдайы дін мемлекеттік және әлеуметтік салаларда орталық рөл атқаратын діни мемлекет моделінің күрделі динамикасын көрсетеді, бірақ бұл сонымен қатар азшылық құқықтары мен діни бостандыққа қатысты белгілі бір қиындықтарға әкелуі мүмкін. Алайда әрбір діни мемлекет бірегей және оның сипаттамалары белгілі бір елдің тарихына, мәдениетіне және дәстүріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл модельді сыни және объективті зерттеу оның артықшылықтары мен кемшіліктерін түсінуге және діни құндылықтар мен азаматтардың құқықтарын теңестірудің ықтимал жолдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Тарихи даму барысында діни мемлекет моделі әлеуметтік өзгерістер мен жаңа сын-қатерлерге байланысты өзгерістер мен эволюцияға ұшырауы мүмкін. Мысалы, бұрын дін саясатта және қоғамдық өмірде басым рөл атқарған елдерде уақыт өте келе секуляризация процесі жүруі мүмкін, бұл діни құрылымдардың мемлекет істері мен қоғамдық институттарға ықпалының әлсіреуін білдіреді.

«Ирандағы діни және зайырлы құндылықтар» мәселесін зерттеген ғалымдар және олардың еңбектеріне келетін болсақ, Натан Олсен өзінің «Революциялық дін: шииттік ислам және Иран төңкерісі (Revolutionary Religion: Shia Islam and the Iranian Revolution)» [5] атты мақаласында келесі қорытындыларды жасайды: 1979 жылғы Иран революциясын исламдық деп толықтай атауға болады. Төңкерісті тудырған талаптар мен толқулар саяси және экономикалық болғанымен, ирандық ғұламалар өздерінің ықпалын революцияға қолдау көрсету және саяси-экономикалық талаптарды діни символизмге аудару үшін

пайдаланды. Сайып келгенде, ғұламалардың институционалдық күші мен басқа ұйымдар ұшыраған қуғын-сүргінге байланысты революцияның басшылығы исламдық болды. Әли Шариатидің мысалы солшылдардың неліктен сәтсіздікке ұшырағанын және егер аяусыз қуғын-сүргін болмағанда солшылдардың қалай табысқа жете аларын көрсетеді. Шариати жоғалып, солшылдық сәтсіздікке ұшырағаннан кейін ирандық ғұламалар революциялық өзгерістерді қалайтын халық үшін қолжетімді жалғыз нұсқа болды. Ғұламаның ұйымдастырушылық күші шиіттік исламның бүлікшіл символизмімен, әсіресе Кербала парадигмасын қолданумен ұштастырылып, бастапқы зайырлы революцияның исламдық сипатын қамтамасыз етті.

Гирайалп Қарақұстың «Иранның шынайы саясаты және шииттердің саяси мотивациясы (Iran Real Politics and Political Motivation of Shiite)» [6] атты мақаласында қоғамдағы гегемония үшін күрес пен реформалар үдерісіндегі діни зиялылардың рөлі зерттеледі. Автор діни зиялылар өз идеяларын ұсыну және әлеуметтік процестерге әсер ету үшін қолданатын әртүрлі стратегияларды зерттейді. Сонымен қатар мақалада діни зиялылардың әрекет еткен тарихи контекст, олардың басқа әлеуметтік субъектілермен қарым-қатынасы, сондай-ақ олардың идеялары мен қызметіне қоғамның реакциясы қарастырылады. Реформалар мен әлеуметтік-мәдени нормалардың өзгеруі процесінде діни зиялылардың рөліне ерекше назар аударылады.

Мақаланың соңында діни зиялылардың әлеуметтік процестердегі рөлінің маңыздылығы және олардың қоғамның құндылықтары мен болмысының қалыптасуына ықпалы туралы қорытындылар жасалады. Негізгі тұжырымдар әлеуметтік реформалар үдерістерін талдау және қоғамдағы діни және зайырлы құндылықтар арасындағы тепе-теңдікті табу кезінде діни зиялылардың рөлін ескеру қажеттілігіне байланысты.

### **Ұлыбритания**

Ұлыбританияның конституциялық монархиясы көптеген ғасырларға созылған терең тарихи тамырларға ие. Қазіргі монархия монарх билігін шектейтін және билікті бөлу жүйесін бекітетін конституциялық принциптерге негізделген. Монарх мемлекет басшысы болып табылады, хаттамалық функцияларды орындайды және британдық қоғамда символдық рөл атқарады. Бұл ретте елдегі шын мәніндегі билік заң шығарушы орган – парламентке, ал атқарушы орган – үкіметке тиесілі.

Ұлыбритания ұсынған аралас тәсіл үлгісі конституциялық монархия мен қалыптасқан шіркеудің (Англикан шіркеуі) діни бостандық және діни плюрализацияны қолдау принциптерімен бірегей үйлесімін көрсетеді. Англикан шіркеуі Ұлыбританияда ерекше мәртебеге ие. Ол бекітілген шіркеу болып саналады, бұл оның мемлекетпен ерекше қарым-қатынаста екенін білдіреді. Монарх – Англикан шіркеуінің жоғарғы басшысы және оның «Сенімді қорғаушысы» атағын иеленеді. Дегенмен, монархтың діни беделінің ауқымы уақыт өте азайып кетті және бүгінде Англикан шіркеуі саясатқа араласудан гөрі ұлттық дәстүрлердің символы болып келеді.

Дін бостандығы британдық қоғамдық өмірдің маңызды аспектісі болып табылады. Мемлекет барлық азаматтардың өз сенімін еркін ұстану және ғибадат ету құқығын мойындайды және қорғайды. Британ Конституциясы [7] діни

еркіндік құқығын қамтамасыз етеді және діни кемсітушіліктің кез келген түріне жол бермейді. Бұл христиандық қана емес, сонымен қатар ислам, иудаизм, буддизм, сикхизм, индуизм және басқа да діндердің өкілдері бар әлемдегі көптеген діни бірлестіктердің қатар өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Ұлыбританияның діни плюрализация және әртүрлі діни қауымдастықтарды қоғамға интеграциялау тұрғысынан қиындықтарға тап болғанын атап өткен жөн. Талқылаулар мен пікірталастардың кейбірі қоғамдық орындарда діни рәміздерді тағу, діннің білім беру жүйесіне қатысуы және әртүрлі діни топтарға қаржыны бөлу мәселелеріне қатысты. Дегенмен, сенім еркіндігі мен діни төзімділік қағидалары британдықтардың діни және зайырлы құндылықтарға көзқарасының негізі болып қала береді. Бұл аралас тәсіл Ұлыбританияға діни бостандық принциптерін құрметтей отырып және көптеген діни топтардың құқықтарын қорғай отырып, бекітілген шіркеумен байланысты тарихи дәстүрлер мен мәдени бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді.

Демек британдық аралас үлгі маңызды төрт қағидатқа негізделеді:

1) *Конституциялық монархия*: Ұлыбритания – Король немесе Королева мемлекет басшысы болып табылатын конституциялық монархия. Бірақ қазіргі монархия конституциямен және заңдармен шектелген, ал монархтың абсолютті билігі жоқ. Ол хаттамалық және өкілдік функцияларды орындайды, ал нақты билік заң шығарушы және атқарушы органдарға тиесілі.

2) *Бекітілген шіркеу (Англикан шіркеуі)*: Англикан шіркеуі Ұлы-британиядағы қалыптасқан шіркеу, яғни оның ресми мәртебесі және мемлекетпен байланысы бар. Монарх Англия шіркеуінің басшысы болып табылады, ал шіркеу белгілі бір қоғамдық шаралар мен рәсімдерге қатысады.

3) *Діни сенім бостандығы*: Англикан бекітілген шіркеуіне қарамастан, Ұлыбритания барлық азаматтар үшін діни сенім бостандығын қамтамасыз етеді. Мемлекет діни нанымдардың алуан түрлілігін мойындайды және құрметтейді, сонымен қатар әрбір адамның өз сенімін ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау құқығын қорғайды.

4) *Діни плюрализация*: Ұлыбританияда діндер мен нанымдардың кең ауқымы бар. Өз дінін емін-еркін және қудалаусыз ұстана білу қоғамда әртүрлі діни бірлестіктердің қатар өмір сүруіне ықпал етеді.

«Ұлыбританиядағы діни және зайырлы құндылықтар» мәселесін зерттеген ғалымдар және олардың еңбектеріне келетін болсақ. Линда Вудхед есімді британдық әлеуметтанушы және дінтанушы «Діни сезім әлеуметтануы (A Sociology of Religious Emotion)» [8] кітабында қазіргі қоғамдағы діннің эмоционалдық аспектілерін зерттейді. Ол діни сенімдер мен тәжірибелердің сенушілердің эмоционалдық реакцияларын қалай тудыратынын және бұл эмоциялардың мінез-құлық пен дүниетанымға қалай әсер ететінін талдайды. Кітап діни дәстүрлер мен тәжірибелердің кең ауқымын қарастырады және діни өмірдегі эмоциялардың рөлін түсінудің маңыздылығын қарастырады.

Ал «Бұл шіркеу болған, бұл келесі жағдай болды: Англия шіркеуі ағылшын халқын қалай жоғалтты (That Was the Church, That Was: How the Church of England Lost the English People)» [9] атты жұмысында Л. Вудхед Англия шіркеуінің ағылшындардың қолдауы мен сенімін жоғалту процесін талдайды.

Ол қазіргі қоғамдағы Англикан шіркеуінің көзқарасының өзгеруіне әкелген себептер мен факторларды зерттейді. Кітапта діни және зайырлы құндылықтар арасындағы күрделі динамика, діни өмірге қоғамдық ағымдардың әсері және қазіргі британдық мәдениеттегі Англия шіркеуінің рөлі қарастырылған.

Линда Вудхедтің екі кітабы да қазіргі британдық қоғамдағы діннің рөлі туралы маңызды түсінік береді. Ол діни тәжірибенің эмоционалдық саласын қарастырады және қазіргі заманғы сын-қатерлер мен өзгерістер контекстінде діни институттар мен әлеуметтік қатынастар арасындағы күрделі динамикаға талдау жасайды. Оның жұмысы Ұлыбританиядағы діни өмірдегі және діни плюрализациядағы ағымдағы үрдістерді түсінуге елеулі үлес қосады. Бұдан бөлек Англия мен жалпы әлемдегі елдердегі діни және зайырлы құндылықтар арақатынасы мәселелеріне «Қазіргі әлемдегі діндер: дәстүрлер мен трансформациялар (Religions in the Modern World: Traditions and Transformations)» [10] және «Қазіргі Британиядағы дін және өзгерістер (Religion and Change in Modern Britain)» [11] ғылыми еңбектерін арнайды.

Гэвин Д'Коста – католик теологы және дінтану профессоры. Ол діндер арасындағы диалогты, діни ілім мәселелерін және британ қоғамындағы діннің рөлін зерттейді. «Христиандық және әлемдік діндер: діндер теологиясындағы даулы сұрақтар (Christianity and World Religions: Disputed Questions in the Theology of Religions)» [12] атты еңбек – Гэвин Д'Костаның христиандық пен басқа әлемдік діндер арасындағы диалогты зерттейтін негізгі жұмыстарының бірі. Автор салыстырмалы діни теология тұрғысында туындайтын әртүрлі теологиялық сұрақтар мен мәселелерді, мәселен, құтқаруға апаратын жалғыз жол мәселесі, түрлі діни дәстүрлердегі дін ілімі мен ақиқатты түсіну, әртүрлі дінді ұстанушылар арасындағы диалогтың мүмкіндігін қарастырады. Бұл кітаптың негізгі аспектілері мен мазмұны:

1) *Құтқаруға апаратын жалғыз жол мәселесі:* Д'Коста Иса Мәсіхке (Иисус Христос) сену арқылы құтқарылу туралы дәстүрлі христиандық ілімді талдайды және бұл ілімнің қалай қабылданатынын және рухани құтқарылу жолын ұсынатын басқа діндердің ілімдерімен өзара қалай әрекеттесетінін қарастырады. Автор рухани қайта туылу жолдарының алуан түрлілігін тану және құрметтеу мүмкіндігін зерттейді және бұл христиан теологиясы үшін қандай қиындықтар тудыратынын қарастырады.

2) *Теология мен құдайшылдықты түсіну:* Кітап әртүрлі діни дәстүрлердегі құдайшылдық туралы әртүрлі түсініктерді қозғайды. Д'Коста Құдай, ғалам және сенушілердің ғаламдағы рөлі туралы әртүрлі идеяларды зерттейді, сондай-ақ христиан теологиясының бұл идеяларды қалай қабылдайтынын және әртүрлі діндердің сенушілер арасындағы диалог аясында қандай қиындықтар туындауы мүмкін екенін талдайды.

3) *Рухани ілімдер мен этика:* Автор әртүрлі діндердегі ақлақтық принциптер мен этикалық ілімдерге назар аударып, олардың христиандық этикамен байланысын зерттейді. Д'Коста қандай рухани құндылықтар ортақ екенін және әртүрлі конфессиялар арасында қандай айырмашылықтар бар екенін талдайды, сондай-ақ рухани даму және этикалық принциптерді қолдану саласындағы ынтымақтастық мүмкіндігін қарастырады.



4) *Әртүрлі дінге сенушілер арасындағы диалогтың мүмкіндігі*: Кітаптың негізгі тақырыптарының бірі – алуан түрлі дін өкілдері арасындағы байланыстың мүмкіндігі туралы мәселе. Д'Коста діни топтар арасындағы диалог пен өзара әрекеттестіктің әртүрлі үлгілерін зерттейді және ынтымақтастықтың әртүрлі сенімдер мен дәстүрлерді құрметтеу мен түсінуге қалай ықпал ететінін зерттейді.

Жалпы алғанда, «Христиандық және әлемдік діндер: діндер теологиясындағы даулы сұрақтар» христиандық пен басқа әлемдік діндер арасындағы күрделі қарым-қатынасты, сондай-ақ діни плюрализация мен әртүрлі дінге сенушілер арасындағы диалогқа байланысты қиындықтар мен мүмкіндіктерді жақсырақ түсінуге көмектесетін тереңдетілген зерттеу болып табылады. Г. Д'Коста – діни плюрализм, дінаралық диалог және доктриналық мәселелер бойынша зерттеуші. Оның жұмысы әртүрлі діни дәстүрлердің өзара әрекеттесуін және олардың Ұлыбритания қоғамы мен әлемге әсерін жақсырақ түсінуге көмектесетін дінтану және діни теология саласына маңызды үлес болып табылады.

### **Лаицизм, діни мемлекет және аралас үлгілерді салыстыру**

Діни және зайырлы құндылықтардың тепе-теңдігі мәселесімен байланысты аталмыш үлгілердің қоғам мен мемлекет үшін оң және теріс салдары болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Әр жүйеге жеке-жеке тоқталатын болсақ,

#### «Лаицизмның» оң жақтары:

- *Діни сенім бостандығына кепілдік беру*. Лаицизм азаматтарға дінді еркін ұстану немесе дінге сенбеу құқығын қамтамасыз етеді, сонымен қатар дінге байланысты кемсітушілікке жол бермейді.

- *Заң алдындағы теңдікті насихаттау*. Лаицизм барлық азаматтардың діни сеніміне қарамастан заң алдында тең деген қағиданы ұстанады.

- *Діни қақтығыстарды мүмкіндігінше азайту*. Мемлекет пен діннің бөлінуі діни қақтығыстарды азайтуға және әртүрлі конфессиялардың үйлесімді өмір сүруіне ықпал етеді.

#### Теріс жақтары:

- *Діни таныту мен көріністерге қойылатын шектеулер*. Қатаң лаицизм қоғамдық орындарда діни рәміздер мен сыртқы әлпетке шектеуге алып келуі мүмкін, бұл, әдетте, сенушілердің наразылығын тудырады.

- *Мәдени дәстүрлердің жоғалуы*. Лаицизм ұлттық қауымдастықтың бірегейлігі үшін маңызды діни және мәдени құндылықтар мен дәстүрлердің жоғалуына немесе әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

- *Дінге мемлекеттік қолдаудың жоқтығы*. Лаицизм діни ұйымдарды мемлекеттік қаржыландыруға тыйым салады, бұл олардың жұмыс істеуі мен дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

- *Зайырлылықтың және материалды құндылықтардың нығаюы*. Лаицизмді пайдалану қоғамның секуляризациялану процесіне ықпал етуі мүмкін, бұл діннің және руханияттың қоғамдық ортадағы ықпалының төмендеуіне және оның материалдық және пендешілік құндылықтармен алмастырылуына әкелуі мүмкін.

#### «Діни мемлекеттің» оң жақтары:

- *Мәдени бірлік*. Діни мемлекет ұлттық қауымдастық үшін біртұтас мәдени бірегейлікті құруға көмектесе алады. Белгілі бір дінді және оның дәстүр-

лерін ресми түрде қабылдау діндарлар арасында әлеуметтік ынтымақтастық пен қауымдастық сезімін нығайта алады.

- *Рухани құндылықтарды нығайту.* Мемлекеттік саясатта діннің болуы қоғамдағы рухани құндылықтар мен этикалық стандарттарды нығайта алады. Діни ілімдер әлеуметтік әділеттілік пен моральдық жауапкершілікті көтеретін заңдар мен саясаттардың негізі бола алады.

- *Медиатордың рөлі.* Діни жетекшілер қақтығыстарды шешуде медиа-тор рөлін атқарып, дауларды діни ұстанымдар мен рухани құндылықтар негізінде шешуге ықпал ете алады.

*Теріс жақтары:*

- *Діни сенімі бостандығын шектеу.* Діни мемлекет азшылықтардың, әсіресе басқа діни дәстүрлерге жататындардың діни сенім еркіндігін шектеп, құқықтарын бұзуы мүмкін.

- *Саяси және діни қудалау.* Дін саясатта маңызды рөл атқаратын Иран сияқты елдерде оппозицияға немесе басқа дінді ұстанушыларға саяси және діни қудалау болуы мүмкін.

- *Ғылыми және мәдени дамуды шектеу.* Діни доктриналар ресми діни көзқарастарға қайшы келсе, ғылыми және мәдени жаңалықтарға және жобаларға кедергі болуы мүмкін.

- *Әйелдердің құқықтарына қауіп төндіреді.* Діни мемлекеттерде, әсіресе діни заңдардың консервативті түсіндірмесі бар елдерде әйелдер құқықтарына, оның ішінде тең мүмкіндіктер мен бостандықтарға шектеулер мен қауіп төнуі мүмкін.

*«Аралас» үлгінің оң жақтары:*

- *Мәдени бірлік.* Белгілі бір дінді ресми деп тану ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды факторы бола алатын ұлттың мәдени бірлігі мен бірегейлігін сақтауға көмектеседі.

- *Дәстүрлерді құрметтеу.* Аралас модель қоғамның мәдени және әлеуметтік өмірінде маңызды рөл атқаратын діни дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға және құрметтеуге мүмкіндік береді.

- *Діни ұйымдарды қолдау.* Белгілі бір дінді мемлекеттің бекітуі діни ұйымдардың дамуына және олардың әлеуметтік-мәдени әртүрлілікке қосқан үлесіне қолдау көрсетіп, қажетті ресурстармен қамтамасыз ете алады.

- *Әлеуметтік байланысты нығайту.* Бұқара ортада діни мағыналар мен белгілердің болуы қоғамдағы әлеуметтік байланыстар мен ынтымақтас-тықты нығайтуға көмектеседі.

*Теріс жақтары:*

- *Кемсітушілік және теңсіздік.* Белгілі бір дінді ресми дін деп мойындау басқа конфессиялардың азаматтарын кемсітуге және шектеуге алып келуі мүмкін, бұл заң алдындағы теңдік қағидасын бұзады.

- *Діни қақтығыста.* Аралас үлгідегі бір діннің үстемдігі қоғамдағы діни қайшылықтар мен қақтығыстарды күшейтуі мүмкін, әсіресе діни айырмашылықтар еленбесе немесе қысым көрсетілсе.

- *Діннің саясилануы.* Дінді мемлекеттің мойындауы оның саясиландырылуын және аясы тар саяси мүдделер үшін пайдаланылуын ынталандыруы мүмкін, бұл діни институттардың тәуелсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін.

- *Діни сенім еркіндігіне шектеулер.* Аралас үлгіде кейбір діндер басқаларға қарағанда артықшылыққа ие болуы мүмкін, бұл діни сенім бостандығы мен діни таңдауды шектеуге әкеледі.

Айта кету керек, зайырлы және діни құндылықтарды мемлекетте жүзеге асырудың үлгілері әртүрлі елдерде көптеген нұсқалар мен дәрежеде жүзеге асырылуы мүмкін және оның әсері көптеген факторларға байланысты. Әрбір қоғам кез-келген модельдің немесе жүйенің оң және теріс жақтарын мұқият қарастырып, діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен мемлекеттің зайырлылығын сақтау арасындағы оңтайлы теңгерімді табуы қажет. Сонымен қатар, нақты бір қоғамның тарихи және ділдік ерекшеліктері, оған тән саяси және құқықтық құбылыстар қай үлгінің қандай деңгейде қалыптасатынын анықтайды.

### ***Қорытынды***

Әртүрлі елдердегі діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуінің үлгілерін қарастыру барысында келесі қорытындыларды жасауға болады:

- Франция мысалында көрсетілген лаицизм моделі шіркеу мен мемлекеттің қатаң бөлінуімен сипатталады. Бұл тәсіл мемлекеттің діни ықпалдан тәуелсіздігін қамтамасыз етеді, қоғамның зайырлы болуына және азаматтардың діни сенім бостандығына құқықтарын қорғауға әсерін тигізеді. Дегенмен, бұл діни бірлестіктермен шиеленіс тудырып, қоғамдық орындарда діни көріністерге шектеу қоюы мүмкін.

- Діни мемлекет моделі Ирандағыдай діни құрылымдардың саясат пен заңнамаға күшті ықпалымен сипатталады. Белгілі бір дінді ресми бекіту мәдени бірлікке ықпал ете алады, алайда басқа дінді ұстанушылар үшін құқықтар мен теңдік мәселелерін тудырады.

- Ұлыбритания ұсынған аралас тәсіл үлгісі белгілі бір дінді ресми деп мойындауға мүмкіндік береді, сонымен бірге ғибадат ету бостандығы мен әртүрлі діни дәстүрлерді құрметтеуге кепілдік береді. Бұл тәсіл мәдени плюрализмге ықпал етеді, бірақ сонымен бірге шіркеу мен мемлекеттің бөлінуі мен теңдік мәселелеріне келгенде, қиыншылықтарға тап болады.

- Әртүрлі елдердегі діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуінің әртүрлі үлгілерін қарастыру осы модельдердің әрқайсысының өзіндік сипаттамалары, артықшылықтары мен кемшіліктері бар екенін түсінуге мүмкіндік береді. Нақты үлгіні таңдау әр қоғамның әлеуметтік-мәдени, тарихи және саяси жағдайларына байланысты. Әрбір модельдің өзіндік контекстік ерекшеліктері бар екенін және барлық қоғамдарға өте қолайлы әмбебап көзқарас жоқ екенін түсіну маңызды. Модельді таңдауда діни бостандықтарды құрметтеу мен мемлекеттің зайырлылығын қамтамасыз ету арасындағы тепе-теңдікті сақтайтын әрбір қоғамның өзіндік ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет. Діндарлар мен басқарудың әртүрлі үлгілерін жақтаушылар арасындағы конструктивті диалог пен өзара іс-қимыл қоғамдағы діни және зайырлы құндылықтардың теңгерімді өзара әрекеттесуін қамтамасыз ете отырып, мемлекеттік және құқықтық тәртіптің неғұрлым тұрақты және әділ жүйелерін дамытуға ықпал ете алады.

Осылайша, діни және зайырлы құндылықтардың өзара әрекеттесуін зерттеу күрделі және көп қырлы мәселе болып табылады және әрбір ел өз қоғамының контексті мен қажеттіліктеріне сәйкес діни бостандықтарды құрметтеу мен мемлекеттің зайырлылығын қамтамасыз ету арасындағы өзіндік теңгерімді табуы керек.

### *Әдебиеттер тізімі*

1 LOI n° 2004-228 du 15 mars 2004 encadrant, en application du principe de laïcité, le port de signes ou de tenues manifestant une appartenance religieuse dans les écoles, collèges et lycées publics // <https://www.legifrance.gouv.fr/jorf/id/JORFTEXT000000417977/>

2 Roy O. Translated by George Holoch. *Secularism Confronts Islam*. – Columbia University Press, 2009. – 144 p.

3 Fourest C. *La tentation obscurantiste: Essai*. – Grasset, 2005. – 167 p.

4 Fourest C., Venner F. *Tirs croisés: la laïcité à l'épreuve des intégrismes juif, chrétien et musulman*. – Le Livre de Poche, 2005. – 544 p.

5 Olsen N. *Revolutionary Religion: Shia Islam and the Iranian Revolution*. 03.09.2019 // <https://www.e-ir.info/pdf/79880>

6 Karakuş G. *Iran Real Politics and Political Motivation of Shiite* // *Bilecik Şeyh Edebali Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*. – 2020. – Vol. 5, Is. 1. – P.110-124.

7 *The UK Constitution* // <https://www.parliament.uk/globalassets/documents/commons-committees/political-and-constitutional-reform/The-UK-Constitution.pdf>

8 Woodhead L., Riis O. *A Sociology of Religious Emotion*. – Oxford University Press, 2010. – 272 p.

9 Woodhead L., Brown A. *That Was The Church That Was: How the Church of England Lost the English People*. – Bloomsbury Continuum, 2016. – 272 p.

10 Woodhead L., Partridge Ch., Kawanami H. *Religions in the Modern World: Traditions and Transformations*. – London: Routledge, 2016. – 614 p.

11 Woodhead L., Catto R. *Religion and Change in Modern Britain*. – London: Routledge, 2012. – 424 p.

12 D'Costa G. *Christianity and World Religions: Disputed Questions in the Theology of Religions*. – Wiley-Blackwell, 2009. – 256 p.

### *Transliteration*

1 LOI n° 2004-228 du 15 mars 2004 encadrant, en application du principe de laïcité, le port de signes ou de tenues manifestant une appartenance religieuse dans les écoles, collèges et lycées publics [LAW n° 2004-228 of March 15, 2004 regulating, in application of the principle of secularism, the wearing of signs or outfits manifesting a religious affiliation in public schools, colleges and high schools] // <https://www.legifrance.gouv.fr/jorf/id/JORFTEXT000000417977/>

2 Roy O. Translated by George Holoch. *Secularism Confronts Islam*. – Columbia University Press, 2009. – 144 p.

3 Fourest C. *La tentation obscurantiste: Essai* [The Temptation of Obscurantism: An Essay]. – Grasset, 2005. – 167 p.

4 Fourest C., Venner F. *Tirs croisés: la laïcité à l'épreuve des intégrismes juif, chrétien et musulman* [Crossfire: Secularism Put to the Test of Jewish, Christian and Muslim Fundamentalism]. – Le Livre de Poche, 2005. – 544 p.

5 Olsen N. *Revolutionary Religion: Shia Islam and the Iranian Revolution*. 03.09.2019 // <https://www.e-ir.info/pdf/79880>

6 Karakuş G. *Iran Real Politics and Political Motivation of Shiite* // *Bilecik Şeyh Edebali Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi*. – 2020. – Vol. 5, Is. 1. – P.110-124.

7 *The UK Constitution* // <https://www.parliament.uk/globalassets/documents/commons-committees/political-and-constitutional-reform/The-UK-Constitution.pdf>

8 Woodhead L., Riis O. A Sociology of Religious Emotion. – Oxford University Press, 2010. – 272 p.

9 Woodhead L., Brown A. That Was The Church That Was: How the Church of England Lost the English People. – Bloomsbury Continuum, 2016. – 272 p.

10 Woodhead L., Partridge Ch., Kawanami H. Religions in the Modern World: Traditions and Transformations. – London: Routledge, 2016. – 614 p.

11 Woodhead L., Catto R. Religion and Change in Modern Britain. – London: Routledge, 2012. – 424 p.

12 D'Costa G. Christianity and World Religions: Disputed Questions in the Theology of Religions. – Wiley-Blackwell, 2009. – 256 p.

*Алтайқызы А., Токтарбекова Л.Н.*

**Светские и религиозные ценности: опыт концептуальных подходов зарубежных стран**

**Аннотация.** Данная научная статья представляет обзор и анализ различных моделей взаимодействия религиозных и светских ценностей в зарубежных странах. Анализируются три основные модели: лаицизм, религиозное государство и смешанный подход, на основе которых подробно изучены примеры Франции, Великобритании и Ирана. Для более полного и глубокого понимания роли религиозных и светских ценностей в обществе и культуре различных стран рассмотрены исследования таких ученых, как Оливье Рой, Кэролайн Фурест, Натан Олсен, Гирайалп Каракуш, Линда Вудхед и Гэвин Д'Коста.

Анализ преимуществ и недостатков каждой модели позволяет выявить разнообразные аспекты их применения в социокультурном и политическом контексте. На основе сопоставления различных моделей и аспектов их реализации делается вывод о необходимости нахождения уникального баланса между уважением религиозных свобод и обеспечением секулярности государства для каждой страны в соответствии с её спецификой и потребностями общества. Открытый диалог, основанный на научных исследованиях, может способствовать эффективному разрешению противоречий и созданию наилучших условий для устойчивого и гармоничного развития общества.

**Ключевые слова:** религиозные ценности, светские ценности, Франция, Иран, Великобритания, модель лаицизма, модель религиозного государства, смешанная модель, свобода вероисповедания.

*Altaikyzy A., Toktarbekova L.*

**Secular and Religious Values: Experience of Conceptual Approaches of Foreign Countries**

**Abstract.** This scientific article provides an overview and analysis of various models of interaction between religious and secular values in foreign countries. Three main models are analyzed: secularism, religious state, and mixed approach, based on detailed studies of examples from France, the United Kingdom, and Iran. To gain a comprehensive and in-depth understanding of the role of religious and secular values in the society and culture of different countries, research by scholars such as Olivier Roy, Caroline Fourest, Nathan Olsen, Girayalp Karakus, Linda Woodhead, and Gavin D'Costa is examined.

The analysis of the advantages and disadvantages of each model allows identifying diverse aspects of their implementation in socio-cultural and political contexts. Based on the comparison of different models and aspects of their implementation, the conclusion is drawn that there is a need to find a unique balance between respecting religious freedoms and ensuring the secular nature of the state for each country in accordance with its specificity and societal needs. An open dialogue, grounded in scientific research, can contribute to effective resolution of conflicts and the creation of optimal conditions for sustainable and harmonious societal development.

**Keywords:** religious values, secular values, France, Iran, Great Britain, model of laicism, model of a religious state, mixed model, freedom of worship.